

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 282 – 286

UDC 811.512.1'373.46

**PHRASEOLOGICAL UNITS WITH PARTICIPATION OF LOAN WORDS
IN MEDIEVAL WRITTEN MONUMENTS
(BASED ON MATERIALS «ZHAMIG-AT TAUARICH» BY KADYRGALI
ZHALAIRI AND «THE GENEALOGICAL TURKIC TREE» BY
ABULGAZI BAKHADUR KHAN OF XVI-XVII CENTURIES)**

A.A.Seytbekova

Almaty branch of the St.-Petersburg Humanitarian university of trade unions
Ainurseit@mail.ru

Keywords: phraseological units, verbs, semantics, lexicon, a word combination, written monuments, loan words.

Summary. Today in the history of the Kazakh linguistics an actual problem is to offer an explanation to the borrowed lexical units, turns of speech with loan words used previously and rather difficult for modern readers' comprehension. In this connection the article considers phraseological units with participation of loan words of the Arabian and Persian origin in medieval written monuments «Zhamig-at tauarich» by Kadyrgali Zhalairi and «The Genealogical Turkic tree» by Abulgazi bakhadurkhan of XVI-XVII centuries. The language of written monuments abounds with the phraseological units formed with the participation of the Arabian-Persian elements. The article identifies the semantic dynamics of formation of set phrases and highlights the individual author's features of using of phraseological units. We also reveal their semantics, presenting to the modern reader the difficulty in understanding of their meaning. The results of such research of borrowed language units in the language of medieval monuments is a necessary condition while writing the history of the modern Kazakh language.

**ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ
ҚАТЫСУЫМЕН ЖАСАЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР
(ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫРДЫҢ «ЖАМИҒ-АТ ТАУАРИХ ЖӘНЕ
ӘБІЛҒАЗЫНЫҢ БАҒАДҮР ХАННЫҢ «ТҮРКІ ШЕЖІРЕСІ» ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШТЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

A.A. Сейтбекова

Санкт-Петербург Гуманитарлық Кәсіподақтар Университеті
Алматы филиалы

Тірек сөздер: фразеологиздер, етістіктер, семантика, лексика, сөз тіркесі, жазба ескерткіштер, кірме сөздер.

Аңдатпа. Қазіргі таңда қазіргі оқырманға ертеректе қолданылған түсініксіз, күнгірт келетін лексикалық тілдік бірліктердің, оралымдардың семантикасын ашу – бүгінгі қазақ тіл білімі тарихы саласында өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осымен байланысты мақалада XVI-XVII ғғ. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарих» және Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі Шежіресі» жазба ескерткіштеріндегі араб және парсы сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер қарастырылады. Себебі аталмыш жазба ескерткіштерде кірме сөздердің қатысуымен жасалған тілдік бірліктер мол кездеседі. Мақалада тұрақты тіркестердің семантикалық қалыптасу динамикасы анықталады. Фразеологизмдерді қолданудағы жеке авторлық қолданыстары мен ондағы қазіргі оқырманға түсініксіздердің мағынасы ашылады. Мұндай жазба ескерткіштер тіліндегі кірме тілдік бірліктерді зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ тілінің тарихын дамытуға өз септігін тигізеді.

Кіріспесі. Қазіргі қазақ халқының мәдениетіне, салт дәстүрі мен әдет гүрпына қатысты кейбір мағынасы түсініксіз, күнгірт келетін лексикалық тілдік бірліктерді, айшықты сөз оралымдарын, фразеологизмдерді ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштер тілінен іздеу, ортақ мәдени ерекшеліктерін табу, салыстыра қарастыру үлкен ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді. Себебі мұндай тілдік бірліктер сол

халықтың мәдени және этникалық даму, қалыптасу тарихымен, ой санасымен бірлікте байланысу нәтижесінде қалыптасқан. Осымен байланысты зерттеу материалдары ретінде XVI-XVII ғғ. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарих» және Әбілғазының «Түркі Шежіресі» ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерін алып отырымыз.

Жалпы тарихи фразеологизмдерге қатысты теориялық тұжырымдарды І.Кенесбаевтың [1], Р.Сыздықтың [2], Б.Әбілқасымовтың [3], Ә.Қайдаровтың [4], М.Сабырдың [5], Р.Авакованың [6], т.б. отандық ғалымдарымыздың зерттеу еңбектерінен кездестіреміз. Алайда ортағасыр жазба ескерткіштер тілінің лексикасының бір қабаты араб, парсы сөздері екенін ескеретін болсақ, олардың тек жеке лексикалық тілдік бірлік ретінде ғана емес, фразеологизмдер құрамында да ұйытқы сөз ретінде қолданылғанын байқаймыз. Мұндай кірме араб, парсы сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологизмдердің дамуын, қалыптасу динамикасын диахрондық тұрғыдан зерттеу – бүгінгі таңда түркологияда ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, талдау мен жинақтау, сипаттамалы әдістер басшылыққа алынады.

І.Кенесбаев фразеологизмдерді жан-жақты зерттеуді қолға алу төңірегінде сөз қозғай отырып, төмендегідей пікір айтады: «Көптеген тіркестер теориясын тарихқа байланыстыра тексергенде ғана фразеологизмдердің туу жолдарын толық біле аламыз. Ол – түсінікті де. Тіркес этимологиясын ашу үстінде өзге тілдерге де қатысты ортақ құбылыстардың да басы ашылмақ. Құрылымы бір немесе бөлек тілдердің ортақ және айырма қасиеттеріне ұластыра, жүйелі талдау фразеологизм үшін де мейлінше қажет. Басқасын былай қойғанда, бірнеше ортақ нақтылы бір фразеологизмнің өзі бірде тұлғасы ортақ, мағынасы бөлек, енді бірде керісінше болып келетін реттерін ескере отырған мақұл» [1, 596 б.], – дейді. Қазақ фразеологиясының семантикасын зерттеген ғалым Р. Авакова қазіргі тілдік (синхрондық) тұрғыдан түсіндіруге келмейтін фраземалардың түп негізі тарихи кезеңдермен байланысты екендігін тілдік деректер арқылы дәлелдей отырып, қазақ тіліндегі фраземалардың тарихын 3 кезеңге бөліп қарастырады: алтайлық (моңғол, тұңғыс-манжұр т.б.); көне түркілік; ортағасырлық (араб, парсы) [6, 118 б.].

Жазба ескерткіштердегі араб және парсы сөздерінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер етістікті тіркестер деңгейінде кездеседі. Олардың еркін тіркестердің негізінде жасалғаны белгілі. Қазіргі тілімізге ене қоймаған араб тіліндегі түбірі үш не төрт дауыссыздан тұратын етістіктен жасалған қимыл есімдері – масдарлар ортағасырлық шығармалар тілінде күрделі етістік жасаудың кілт сөз рөлін атқарған. Кейін келе келе арабтың бұл қимыл мығанасын білдіретін масдарлар мен есімшелер түркі тілдеріне есім сөз ретінде қабылданып, сөзжасамдық қабілетке де ие болды. Жоғарыдағы мысалдардан *ету*, *қылу* етістіктерінің қимыл есімдермен тіркесе келе, сабақты етістік жасап, ал *болу* етістігі араб есімшелеріне тіркесіп, салт етістік жасағандығын айтуға болады. Ескерткіштер тілінде де *болу* көмекші етістігі есімшелермен, әсіресе, ырықсыз есімшелермен қолданылғандығы байқалады. Мәселен, *болу* көмекші етістігі жазба ескерткіштерде *мағрур болмағыл* «мақтанба», *мажнүн болұр* «есі ауысу», *муқабил болса* «бір-біріне қарама-қарсы келсе», *мувафиқ болмас* «үйлеспес» тіркестерінде есімшелермен тіркескен болса, ал *қылу* көмекші етістігі қимыл есімдермен тіркескен: *хидмат қылайын*, *шүкр қылұрмын*, *табассум қылды*, *сажда қыл*, *қабул қылдым*, *офа қылған*, *адат қылды*, *назар қыл*, т.б.

Ал есім сөздері парсы тілінен болған күрделі етістіктер көбіне көп шығыс әдебиетінің әсерінен болса керек. Парсы әдебиеттерінен аударма жасау нәтижесінде еңгенін Э.Н.Наджиб Сейф Сараидін «Гүлістанын» (XIV ғ.) оның парсы тіліндегі нұсқасымен салыстыру арқылы анықтайды [7,87 б.]. Расында да, ескі қазақ жазба мәтіндерінде парсы тіліндегі *кардан* (істеу), *будан* (болу) қалып етістіктері ара-тұра кездесін жатады. «Түркі шежіресінде» парсы тіліндегі *руи кардан* (бөлінін) күрделі етістігі тұтастай қолданылып соған тағы түркілік көмекші етістігімен тіркескен тұстары бар. Мәселен: Шейх Хасан Бузруғ әмір Шейх Хасан Кучекдің *руи кардан болұб* Бағдад барды. *Шейх Хасан Бузруғ әмір Хасан Кучектен бөлініп Бағдадқа барды*.

Қадырғалида Дастан Аланқуаның ұғлы *буд* Нәжрахан (*Аланқуаның ұлы Нәжрахан болғанының дастаны*). Дастан *буд* Нафра ұғлы Дотумен (*Нафра ұлы Дотумен болғанының дастаны*) сияқты парсы тілінің изафетті конструкцияның әсері екені байқалып тұр. Сонымен ескерткіш мәтіндеріндегі *буд* (буд), *кард* (қылу) көмекші етістіктерінің тікелей аудармасы екендігі көрініп тұр. Мәтін контексінен байқайық: *расиде* парсы тілінде «өсу, ер жету», *жда* парсы тілінде «екіге бөліну». «Жамиғ-ат тауарихта»: Нечүккім *расида* болды ақылға кірді (*Осылайша ержетті, ақыл тоқтатты*). Ораз Мұхаммед хан ол ебтеда секіз иашында *ұлұғ* бабасы Шығай хандың *жда* болды (*Ораз Мұхаммед хан ол алғашқы сегіз жасында ұлы бабасы Шығай ханнан айырылды*).

Жазба ескерткіштер тіліндегі кейбір араб, парсы сөздерімен тіркескен көмекші етістіктер қазіргі қазақ тілінде сол күйінде қолданыс тапқан. Мысалы, *бизар қылды* – безер болды, *ғайыб болды* – ғайып болды т.б. Көп жағдайда жазба мұраларадағы *-қыл* көмекші етістігі қазіргі қазақ тілінде де көбіне *-ет* көмекші етістігімен беріледі. Мысалы: *сажда қыл* – сажда ет, *қабыл қыл* – қабыл ет, *офа қыл* – опа ет, *хызмет қыл* – қызмет ет, *сабыр қыл* – сабыр ет, т.б. А.Ысқақов: «...күрделі етістіктің бұл формасы (үлгісі) сыртқы тұрпаты (құрамы) жағынан да, ішкі мазмұны (семантикасы) жағынан да *құранды* болып келеді. Осы себептен бұл үлгі бойынша жасалатын етістіктер *күрделі құранды* етістік деп аталады», – дейді [8, 238 б.].

Есім+көмекші етістік үлгісімен құранды етістік жасау тәсілі – түркі тілдері мен парсы тілінен калька жасау арқылы аударылған фразеологиялық тіркестердің енуіне негіз болған [9, 21 б.]. Ал жалпы парсы тілі

аналитикалық тілдер тобына жататындықтан, араб есім сөздерімен тіркесіп көмекші етістіктер қызметінде жұмсалады. Мысалы, парсы тіліндегі *будан, шодан, хурдан, задан, кардан* араб есім сөздерімен *харф задан, тамам кардан, жауаб додан* сияқты тұрақты тіркестер түркі тілдеріне парсы тілдерінен калька жасау арқылы аударылған фразеологиялық тіркестер болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі *қам жеу, еске алу* «ғам хурдан», «йад ғерефтан» тіркестерінің парсы тілінен сөзбе-сөз аударылған калькалар деп атауға болады.

Күрделі етістіктердің мұндай есім және етістік сөздер тіркесі ұзаққа созылған біртіндеп лексикалану процесінің нәтижесі. Яғни сынарларының біреуі, кейде екеуі де тура мағынасын жоғалтып, метафорланып бейнелі сипат береді. Мысалы, *назар қылу* (көңіл бөлу), *уақыты иетті* (өлді, уақыты жетті), *аш тартты* (ас берді), *хатқа алды* (тізімге алды), *рузе тұтұб* (ораза ұстап), *саламат кечу* (аман-есен шығу), *уақыты иетті*, *рузе тұтұб*, *руқсат табды*, *хатқа алды*, *офат табды*, т.б басқа қимыл-әрекетпен салыстыра қолдану арқылы фразеологизмдерге айналғанын көреміз. Бұл сөз тіркестерінің лексикалануы, тұрақты тіркеске айналуы жолдары туралы әртүрлі пікірлер бар. Ф.А.Ганиев: 1) тіркестегі компоненттер аралығындағы синтаксистік байланыс үзіліп, ондағы дербестік жойылады да, әрқайсысы жеке сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалудан қалады; 2) компонент аралығындағы паузадан арылады; 3) сөз тіркестеріндегі барлық сөз бір екпінге бағынатын болады; 4) ондағы сөздердің барлығы жиналып бір тектестік мағынаны білдіреді, – деп көрсетеді [10, 111-б.]. В.А.Маслованың пікірінше: «Ең алдымен фразеологизмге арқау болған еркін тіркестің тура мағынасына сәйкес келетін қандай да бір жағдаят пайда болады. Оған мән, мағына берледі, мазмұн бекітіледі. Осы мән-мағына, мазмұн келесі бір ұғымды білдіру үшін қайтадан ой сүзгісінен өтіп, ауыс. мағынада қолданыла бастайды. Яғни о бастағы жағдаятты білдіретін сөздердің алғашқы, біріншілік мағыналарына негізделіп, фразеологиялық бірліктің образы қалыптасады [11].

Ортағасырлық жазба мұраларда *-қыл*, *-бол*, *-ет* көмекші етістіктермен қатар *тарт/чек*, *кор*, *багла* (байла), *тұт*, *түс*, *йет* (жет), т.б. көмекші етістіктер аясын кеңейіп, тұрақты сөз тіркестері қызметінде жұмсала бастады.

Тарту//чегу: Сейдтек бинің елінде *герефтарлық чекті*. Сейдтей бидің елінде *кіріптарлық корді* (ЖТ) [12]. Сағадат аңа иар болса *мехнатны кім тартар*. Бақыт оған дос болса, *бейнетті кім тартар* (ЖТ) [12].

Тұту: Анларны орудан олтұртты бұйұрдыкім сұрұңұз соңғы келіндін бұ екі келін пакиза көркүлүкрек тұрұр нечүн бұларны сүймес соңғыны сүйер менің ұғлұм аны *дуст тұтар*. Оларды орынға отырғызды: «Соңғы келіннен бұл екі келін әдемі, көріктірек, не үшін ұлым бұларды сүймей, соңғыны сүйеді, оны жақын кореді, сұраңдар», – деп бұйырды (ЖТ) [12].

Байлау: Мұғұллар һәм *саф баглаб* ұрұштылар. Моңғолдар да сап түзеу ұрысты (ТШ) [13].

Жету: Иасақ иолұнда ақыл уа *кефайат иетмеселер*. Жасақ (басқару, құру) жолында ақылы, қабілеті жетпесе (ЖТ) [12].

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай көмекші етістіктермен тіркесу тек қимыл есімдерге ғана емес, зат есімдерге де тән. Араб, парсы зат есімдерінің алуан түрлі көмекші етістіктермен тіркесе келе өзара семантикалық жақтан тәуелділігі арқасында жаңа ауыспалы мағынаға ие болады. Сол арқылы жалпыға бірдей белгілі фразеологизмдерге айналады.

Ақылға кірді – *ақыл тоқтатты*. Нечүккім расида болды *ақылға кірді*. Осылайша ержетті, ақыл тоқтатты (ЖТ) [12].

Ақылын сақлағай – *берген ақылын (кеңесін) орындау*. Егер шол иердін чықыб келсе әдәб табғай уа *ақылын сақлағай* уа ала жамле аға уа іні жамиғ болғайлар уа кеңешміш еткейлер уа маслихат аны көргей. Егер сол жерден шығып келгенде, *әдептілік танытып, берген кеңесін орындаса, барлық аға және інілері жақсылыққа жиналып, кеңеседі және оны игі бастама ретінде кореді* (ЖТ) [12].

Ақыл уа кефайат иетмеселер – *ақыл-қабілеті жетпесе*. Иасақ иолұнда *ақыл уа кефайат иетмеселер*. Жасақ (басқару, құру) жолында ақылы, қабілеті жетпесе (ЖТ) [12].

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштер мәтіндерінде құрамындағы сөздердің мағынасына еш қатыссыз, мүлде басқа тұтас мағына беретін фразеологизмдер де баршылық. Мәселен, *дұшманлық оты иану, сөзі дераз болу, даруазасы торт жаққа түсу*, т.б.

Осы тәріздес фразеологизмдердің құрамындағы компоненттерінің ішкі формасын ашып алмай, тұтастай мағынасын түсіну мүмкін емес.

Ескерткіш мәтініндегі қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын фразеологизмдердің құрамындағы кірме сөздердің сол дәуірдегі мағыналық ерекшеліктеріне назар аударған жөн. Өйткені фразеологизмнің ішкі формасында материалдық мәдениеттің, тарихи оқиғалардың т.б. көрінісі жатыр. Мысалы, *даруазасы торт жаққа түсу* фразеологизмінің негізгі компоненттері парсының *дарауаза* және екіншісі *торт* тілдік бірліктері. Бұндағы *дарауаза* (дарбаза) «қақпа, бекініс» мәнінде емес, ауыс. *атақ-даңқ* мәнінде қолданыс тапқан, *торт* саны дүниенің төрт бұрышымен (онтүстік, солтүстік, шығыс және батыспен) тікелей байланысты. Ақыл уа данышман кіші ерді бір екі иыл анда олтұрғандын соң аның *даруазасы торт иақға түшді*. Ақылды, білімді кісі еді, бір-екі жыл да отырғаннан соң аның *атағы торт тарапқа жайылды* (ТШ) [13].

Парсы тілінен жартылай калькаланған фразеологизмдер кездеседі: *сөзі дераз болу* (мылжың болу), *дастдераз қылу* (ұрлық жасау), *хуш амад айту* (қошемет айту), *дамағындын дудлар чықды*, т.б.

Дамағындын дудлар чықды дегені парсы тілінде *дамағ*, *дуд* қатты күрсінуді, қайғылану мағынасын береді. Бұл тіркес қазақшалағанда *қайғыдан қан жұтты, қабырғасы қайысты* дегенге сай келеді.

«Ойран салды, күлін көкке ұшырды» мәнінде ұшырасатын *йермен йексан етті* тіркесінің шығармада қолдану жиілігі жоғары. Бұл түркі және парсы сөздерінің тіркесінен жасалған. *Жермен сыңарының жексен* сөзі парсы тілінде *иексон* – «бірдей», «бір тегіс» деген мағынаны білдіреді. Мұндағы *иек* – бір, бірдей, *сан* – ұқсас деген сөз [14, 86 б.]. Бұл сөздің шығу төркіні парсы тіліндегі *иек* сан есімі мен *сан* сөзінің бірігуінен жасалып, тегістеу, жоқ қылу мағынасын берсе, түркі тілінде *жер* сөзімен тіркесін «күл талқанын шығару» мәнінде қолданылған.

Қазақ халқының түсінуіне бір шама жақын уақыт, кеңістік өлшемімен байланысты *ғушп пішім* (ет пісімі), *найза бойы тәрізді фразеологизмдерді* кездестіруге болады. Шол иерде ұлұғ ұрұш түшті бір *ғәшп пішім* ұрұш болды. *Сол жерде қатты шайқас болды, бір ет пісім (уақыт) ұрыс болды* (ТШ) [13]. Иауны көрүб елке хабар қылыбты ел үркүб Бештөбенің қырының үстінде бір иүзі уа бір иүзіне арабадын күрән болдүб афтаб екі *найза бойы чыққанда* келіб *ұрұш* салыбты. *Жауды көріп елге хабар берінті, ел қорқып бір жағы Бештөбенің қырына шығып, бір жағы арбадан тосқауыл жасап күн шыққанда ұрыс салыпты* (ТШ) [13].

Эмоциялық реңкті білдіретін *мейіл қылды* (көңілі ауу, қалау), *іші раунақ табды* (көңілі тыныш тапты), *әуезім әлем халқыға йайылыб тұрұр* (атағым әлемге жайылды, атағым жер жарады), *раст көңілі білән* (шынайы көңілмен), *қорқұнычы галыбырақ* (қорқынышы жеңді), т.б. Мәнкү Темүр хан ешіткөч *ічі гуса баглаб* өлді. *Мәнкү Темір хан естігеннен соң іші құса болып өлді* (ТШ) [13].

Жазба ескерткіштер мәтінінен кірме элементтердің қатысуымен жасалған авторлық қолданыстарды байқауға болады. Мәселен, Қадырғалидің жеке тілдік қолданысы болса керек, «женіске жету» ұғымында *зафар табыб* (жаулап алып), *нүсрет қылычын чабыб* (жеңіс туын желбіретін), *сиасат қамшысыны ұрар ерді* (патшаның әрекеті арқылы саясатқа сәйкес жазалайтын еді) сияқты фразеологизмдер шығарма тілінің нәтижесінде асыра түкен.

Әбілғазы ханның мынадай авторлық фразеологиялық қолданыстарын кездестіреміз: *халық бара тұрған иерге барды, хақ рахметіге уасил болды, рухының құшы тәнінің қафасыдын ұчүб кетді* (кеудесінен жаны шығып қайтыс болу), *имансыз кіші итден кем тұрұр* (имансыз адам иттен де жаман), *дәулет шарабына маст болу* (байлыққа есіру), т.б.

Зерттеудің нәтижесі. Осылайша уақыт өтуімен байланысты фразеологизмдердің құрамындағы компоненттерінің ішкі мағынасы ұмытылып, басқа мағынада қабылданды. Ескерткіштер мәтініндегі араб, парсы сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологизмдерді қазақ тіліне қатысы тұрғысынан мынадай топтарға бөлуге болады:

- Тұлғасы мен мағынасы тұрғысынан дәл келетін фразеологизмдер: *сабыр қылды, зибрат алды, занимат көрүб* т.б.

- Мағынасы сәйкес келгенмен, кейбір тұлғалық өзгерістерге түскен фразеологизмдер: *рузе тұтүб, йермен йексан етті, ақылға кірді, герефтарлық чекті, аш тартты, гәшп пішім* т.б.

- Қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін фразеологизмдер: *сөзі дераз болу* (мылжың болу), *даруазасы төрт жаққа түсу* (тас-талқан болу, тоз-тоз болу), *дастдераз қылу* (ұрлық жасау), *дамағындын дудлар чықды* (қайғыдан қан жұтты) т.б.

Зерттеу жұмысының талқылануы. Зерттеу нысанына алынып отырған кірме сөздердің қатысуымен жасалған фразеологизмдер Г.Мамырбекова мен А.Сейтбекованың авторлықтарымен құрастырылған Қадырғалидің «Жамия-ат тауарих [12] және Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» жазба ескерткіштерінің тезаурус сөздіктерінен алынып, талданған [13].

Қорытындысы. Сонымен, бір тілдің етістік формасын екінші бір тіл өз құрамына сол күйінде қабылдай алмайды. Бұл кірме сөздің басым көпшілігі зат есім болып келеді. Бұл сөздер қазақ тілінің нормасына сәйкес өз тұлғасын мүлдем өзгертін жіберген. Міне, осындай жәдігерліктерде кездесетін араб және парсы лексикалық элементтері қазақ тілінде етістік формасын жасау үшін кеңінен қолданылған. Мұндай тіркестер арасында есім сөзге жай қимылдық мағына беретін тіркестер де, сондай-ақ тұрақты тіркестерге айналғаны да бар. Сондықтан қимылдық мағына ғана беретін тіркестерді құранды етістікке, ал мағына жағынан түрленіп қалыптасқан тіркестерді тұрақты тіркестерге жатқызған жөн. Осылайша тұрақты тіркестердің құрамындағы есім сөздер (араб, парсы) мен көмекші (түркі) сөздерінің ішкі формасын типологиялық, семантикалық тұрғыдан қарастырғанымызда бүгінгі қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологизмдердің орта ғасырда қалыптаса бастағаны байқалады.

Зерттеудің қаржыландыру көзі. Мақала авторы – Сейтбекова Айнұр Аташбекқызы.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
- [2] Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықта. – Алматы: Арыс, 2009. – 270 б.
- [3] Әбілқасымов Ә. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. – 243 б.
- [4] Кайдаров А.Т. Особенности стилистического употребления синонимного и варинатных фразеологизмов уйгурского литературного языка. Исследования по тюркологии – Алматы, 1969. – 160 с.
- [5] Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде) – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 б.
- [6] Авакова Р.А. Қазақ фразеологиясының семантикасы. Филол.ғыл.док. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 257 б.

- [7] Наджиб Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV в. «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. – Алма-Ата. 1975. – 330 с.
[8] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылым. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
[9] Жұбатова Б. Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. Филол. ғыл. докт. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, 2010. – 40 б.
[10] Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в тюркском языке. – Москва: МГУ, 1982. – 224 с.
[11] Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
[12] Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат туарих» жылнамасының тезаурус сөздігі. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 500 б.
[13] Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. – Алматы: Фирма Орнақ, 2013. – 480 б.
[14] Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 427 б.

REFERENCES

- [1] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Fylym, 1977. – 711 б.
[2] Syzdyk R. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықта. – Алматы: Arys, 2009. – 270 б.
[3] Әбілқасымов Ә. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Arys, 2001. – 243 б.
[4] Kajdarov A.T. Osobnosti stilicheskogo upotrebleniya sinonimnogo i varinatnyx frazeologizmov ujgurskogo literaturnogo yazyka. Issledovaniya po tyurkologiti – Алматы, 1969. – 160 с.
[5] Sabyr M. Orta tyrki tili leksikasy men qazaq tili leksikasy nuñsabaqta styry. (XIV ғасыр zhazba eskertkishteri negizinde) – Алматы: Қазақ университети, 2004. – 190 б.
[6] Avakova R.A. Қазақ фразеологиясының семантикасы. Filol.ryl.dok. ... diss.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 257 б.
[7] Nadzhip E.N. Tyurkoyazychnyj pamyatnik XIV v. «Gulistan» Sejfa Sarai i ego yazyk. – Alma-Ata. 1975. – 330 s.
[8] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылым. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
[9] Жұбатова В. Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. Filol. ryl. dokt. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, 2010. – 40 б.
[10] Ganiev F.A. Obrazovaniya slozhnyx slov v tyurkskom yazyke. – Moskva: MGU, 1982. – 224 s.
[11] Maslova V.A. Lingvokulturologiya. – M.: Akademiya, 2001. – 208 s.
[12] Mamyrbekova G., Sejtbekova A. Qadyrғali Zhalajyrдың «Zhamir-at tuarix» zhylnamasy nuñ tezaurus sөzdigi. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 500 б.
[13] Mamyrbekova G., Sejtbekova A. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» tezaurus sөzdigi. – Алматы: Firma Ornaq, 2013. – 480 б.
[14] Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы: Fylym, 1986. – 427 б.

УДК 811.512.1'373.46

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ С УЧАСТИЕМ ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ (НА МАТЕРИАЛАХ «ЖАМИГ-АТ ТАУАРИХ» КАДЫРҒАЛИ ЖАЛАИРИ И «РОДОСЛОВНОЕ ДРЕВО-ТЮРОК» АБУЛҒАЗИ БАХАДУР ХАНА XVI-XVII ВВ.)

А.А. Сейтбекова

Алматинский филиал Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов

Ключевые слова: фразеологизмы, глаголы, семантика, лексика, словосочетание, письменные памятники, заимствованные слова.

Аннотация. На сегодняшний день в истории казахской языкознания актуальной проблемой является давать объяснение на заимствованные лексические единицы, обороты с заимствованными словами употребляемые ранее, которые труднодоступны читателям сегодняшнего дня. В связи с этим в данной статье рассматриваются фразеологизмы с участием заимствованных слов арабского и персидского происхождения в средневековых письменных памятниках «Жамиғ-ат тауарих» Кадырғали Жалаири и «Родословное древо-тюрк» Абулғазы бахадүр хана XVI-XVII вв. Так как язык письменных памятников изобилует фразеологизмами, образованными с участием арабско-персидских элементов. В статье определяется семантическая динамика образования устойчивых словосочетаний. Выявляется индивидуально-авторские особенности использования фразеологизмов. Раскрывается их семантика представляющие современному читателю трудности в понимании их значения. Результаты таких исследований заимствованных языковых единиц в языке средневековых памятников является необходимым условием при написании истории современного казахского языка.

Поступила 25.04.2016 г.